«Қарауылкелді»бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**

**2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Кіші топ**

Бекітемін: [signature]
"Қарауылкелді"бөбекжай- балабақша
меңгерушісі Жұмабаева З.С.

| Айы | Ұйымдастырылған іс - әрекет | Ұйымдастырылған іс - әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қыркүйек | Дене шынықтыру | - педагогтың артынан жүру, жұптасып жүру, шенбер бойымен қол ұстасып жүру, карқынды өзгерте отырып жүру, бағытты өзгерте отырып жүру, жүруден жүгіруге ауысу, бағдар бойынша жүру (кілемнің бойымен, жіпке дейін), кедергілерден аттап жүру. Ұзындығы 2,5-2 м, ені 25 см (2 жаста), 20 см (3 жаста) тақтай бойымен жүру, жіптен немесе таяқтан аттап өту;;<br>- мәдени-гигиеналық ережелерді орындау білімін бекіту. дербес қимыл әрекетін қамтамсыз ету;;<br>-ересектердің көрсетуі бойынша кейбір қимылдарды орындайды, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындай алады.; |
| | Сөйлеудіі дамыту | -айналасындағы адамдардың сөзін есту және тыңдау, түрлі дыбыстарды саралау, дауыстың каттылығы мен айтылу жылдамдығын ажырата білуді;<br>- балаларды тәрбиешінің сөзін түсінуге, сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдерді етістіктермен, сын есімдермен бірге қолдануға, зат есімнің көпше түрін пайдалануға, сөздерді дұрыс айтуды ескере отырып, сөз тіркестерін (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) жасай білуге үйрету;<br>-балаларды ересектердің сөзін тыңдай білуге; ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту; қарапайым (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және бірте-бірте күрделі (Нені ұстады? Нені әкеледі?) сұрақтарға жауап беруге, көркем сөзді эмоциалы қабылдауды, балалар әдебиеті шығармаларының бейнесін және мазмұнын түсінуге, қысқа тақпақтар мен санамақтарды жатқа айта білуге үйрету. |
| | Көркем әдебиет | -ертегілердің, әңгімелердің, тақпақтардың мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалауға;<br>-кейіпкерлер мен тақпақтардың мазмұнын , ырғақты ойындарды қайталауды эмоциалды қабылдау; |
| | Сенсорика | -түрлі әрекеттерде заттардың сенсорлық қасиеттерін ескеруді: бейнелеуде, құрастыруда;<br>- берілген 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әр текті байланыс орната білу іскерлігін бекітуді; |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | -өлі және тірі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін |

| | | |
|---|---|---|
| | | қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танау,құйрығы,аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету. Көкөністер мен жемістер туралы (қызанақ, қияр, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру;<br>-ауладағы ересектердің еңбегін, аулаға ұшып келетін құстарды, маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау. Қоршаған табиғаттың сұлулығын қабылдауға үйрету;<br>- ауладағы ересектердің еңбегін (аула сыпырушының еңбегін);<br>- аулаға ұшып келетін құстарды (торғайлар, көгершіндер,қарғалар); |
| | Құрастыру | -құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруды;<br>-әртүрлі түстегі және пішіндегі геометриялық пішіндерден тұратын ағаш, пластмасса құрылыс материалдары туралы; |
| Қыркүйек | Сурет салу | - балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту;<br>- балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту;<br>-сурет салу техникасын жетілдіру. Түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді және тұйықталған дөңгелек сызықтарды жүргізуді, осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету (жаңбыр, қар, жол, түтін), парақ бетінде бейнені орналастыру;<br>- балалардың ашық түсті бояуларға деген эмоционалды - эстетикалық қатынасын тәрбиелеу. |
| | Мүсіндеу | -балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттерітуралы білімдерін қалыптастыру;<br>-ермексазды дұрыс қолдана білу біліктерін жетілдіру; |
| | Жапсыру | - Фланелеграфта бейнелеуді (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету.<br>-фланелеграфпен жұмыс: қарапайым композиция құру және орналастыру. |
| | Музыка | -ән айтуға қызығушылықты, еліктеуді, әннің сөзі мен жеке буындарды айтуды қалыптастыру;<br>-әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру; |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**

**2022 - 2023 оқу жылына арналған**

**ұйымдастырылған іс - әрекеттің перспективалық жоспары**

**"Қарауылкелді" бөбекжай - балабақшасы"**

**Кіші топ және ерте жас**

**Бекітемін:**
"Қарауылкелді"бөбекжай- балабақша
меңгерушісі Жұмабаева.З.С.

| Айы | Ұйымдастырылған іс - әрекет | Ұйымдастырылған іс - әрекеттің міндеттері | |
|---|---|---|---|
| | | Кіші топ | Ерте жас тобы |
| Қазан айы | Дене шынықтыру | - жалпы дамытушы жаттығуларды, қимылды ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту<br>- салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру.<br>- бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен шеңбер бойынша, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20м дейін), шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен, бағытты өзгертіп, 30-40 сек бойына үзіліссіз жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу; | -жүру тура жолдың бойымен (ені 25-30 см, ұзындығы 2–3 м және ені 30 см, ұзындығы 3–5 м) жүру, ересектің көмегімен және көмегінсіз гимнастикалық тақтай бойымен (ені 25-30 см) жүру, ересектің көмегімен жәшікке (биіктігі 10–15 см) шығу және одан түсу, еденде жатқан лентадан (арқаннан, таяқтан) аттап өту;<br>- баланы жуынудың қарапайым дағдыларына, киінуге, шешінуге және түбекке сұрануға үйрету;<br>-жүгірудің түрлі дағдыларын қалыптастыру: жай, шашырап, берілген бағыт бойынша, түрлі қарқында; заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бір-бірінің артынан, шағын топпен және барлық топпен, бағытты өзгертіп жүгіру |
| | Сөйлеудіі дамыту | - дыбыстардың дұрыс айтылуын, байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру;<br>халық ауыз әдебиеті шығармашылығына баулу;<br>пассивті және белсенді сөздік қорын кеңейту;<br>балалардың түрлі әрекеттердегі және алуан түрдегі ауызша және байланыстыра сөйлеуін дамыту.<br>- дыбысқа еліктеу сөздерін қолданып, дауысты дыбыстарды дұрыс айтуды;<br>- дыбыстарды, сөздерді және сөз тіркестерін дауыстың биіктігін, екпінін, күшін есепке алып, дыбыстарды дәл айтуды | - қарым-қатынастың коммуникативтік дағдыларын және тыңдау мәдениетін қалыптастыру;<br>тілдің сөздік қорын дамыту;<br>тілдің грамматикалық құрылымына, сөзді дыбыстау мәдениетіне және байланыстырып сөйлеуге үйрету.<br>-) өзінің, жақын туыстарының есімін, киім, жиһаз, ыдыс-аяқтардың, кейбір көлік құралдарының, бірнеше таныс жануарлар мен өсімдіктерді атауды;<br>2) өзінің (қол, аяқ, бас, ауыз, көз, құлақ) және ойыншық-жануарлардың дене мүшелерін ажыратып, атай білуді; |
| | Көркем әдебиет | - ертегі, әңгіме кейіпкерлеріне, оқиғаларға жанашырлық білдіру;<br>- кейіпкерлермен тақпақтардың мазмұнын, ырғақты ойындарды қайталауды эмоциялы қабылдау; | - шағын қарапайым мазмұнды әңгімелерді, тақпақ, бесік жырларын сурет, ойыншық, түрлі әрекеттер және аудио-бейнематериалдар арқылы тыңдау мәдениетін және оларды түсіну |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | - ересектердің тақпақтарды, өлеңдерді, әңгімелерді оқуына, кітаптарды көрсету, ертегілерді әңгімелеуіне тұрақты қызығушылық таныту; | дағдыларын қалыптастыру;<br>- көркем мәтінді тыңдау және оның мазмұнын белсенді қабылдау дағдыларын дамыту; |
| | **Сенсорика** | -заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын жетілдіру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау;<br>-қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, "көз-қол" сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.<br>- көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды | -Балаларда заттарды сырғымалы лентаның көмегімен, ауа шарын, ойыншық машинаны, арбаны жібінен тарту, жібінен тарта отырып, дыбысын шығара білу қабілеттерін дамыту.<br>-бір-бірімен байланысты тура және кері әрекеттерді орындау: жаю және жинастыру, алу және салу, шарлардың түрлі түсті тығындарын қорапқа, шелекке ауыстырып салуды, оларды еңіс жазықпен сырғанату;<br>-заттарды өлшемі немесе пішіні бойынша сәйкес ұяларға орналастыра отырып, салыстыруға арналған тапсырмаларды орындау |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | -тірі және өлі табиғат құбылыстарына қызығушылық танытуға;<br>- табиғи материалдардың қасиеттерімен (құм шашылады, құмнан қуыршақтарға ыдыс мүсіндеуге болады) таныстыру;<br>- суреттен жануарларды тауып, атауға; | - қоршаған ортадағы және суретте берілген заттарды, көлік түрлерін,үй жануарларын танып, олардың дауыстарына еліктеуді;<br>-жануарлардың ерекшеліктерін, іс-қимылдарын, белгілерін ажырату және атауды;<br>- табиғат құбылыстарын бақылап, оларды атауды; |
| | Құрастыру | - құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруды;<br>- құрылыс үлгілерін қарап, оның бөліктерін атап көрсетуге, қандай бөлшектерден құралғанын анықтауға, үй, машина, жиһаздар құрылысының жетіспейтін бөліктерін таба білу біліктерін қалыптастыру.<br>- әртүрлі түстегі және пішіндегі геометриялық пішіндерден тұратын ағаш, пластмасса құрылыс материалдары туралы; | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Қазан | Сурет салу | -балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту;<br>- балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту;<br>- сурет салу техникасын жетілдіру. Түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді және тұйықталған дөңгелек сызықтарды жүргізуді, осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету (жаңбыр, қар, жол, түтін), парақ бетінде бейнені орналастыру;<br>- балалардың ашық түсті бояуларға деген эмоционалды - эстетикалық қатынасын тәрбиелеу. | -сурет салуға балалардың қызығушылығын тәрбиелеу;<br>-балаларды бояулардың ашық түстерін эмоциялы қабылдауға, қарындаштармен, фломастерлермен сурет салуға, қағаз бетін ашық түсті дақтармен, жақпалармен толтыруға бояу жағылған саусақпен қағазға сурет салуға үйрету. |
| | | | |
| | Мүсіндеу | - балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру;<br>- сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру;<br>- техникалық дағдыларды қалыптастыру: заттардың қарапайым және одан да күрделі пішіндерін мүсіндеу | Балаларға ермексазды, сазбалшықты алақан арасына ала білуді, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, қолданылған материалдарға ұқыпты қарым-қатынас жасай білуге үйрету. |
| | Жапсыру | -Фланелеграфта бейнелеуді (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету.<br>- фланелеграфпен жұмыс: қарапайым композиция құру және орналастыру;<br>- фланелеграфтің кенебін қолдану арқылы геометриялық пішіндерді, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық бас киімдерін, тағы басқа орналастыру. | |
| | Музыка | - музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру;<br>-әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу дағдыларын қалыптастыру; | Балаларға мазмұны бойынша жақын әндерді тыңдауды, олардың көңіл-күйіне эмоционалды үн қатуды, оларды сәйкесінше қимылдармен көрсетуді; |

| Айы | Ұйымдастырылған іс - әрекет | Ұйымдастырылған іс - әрекеттің міндеттері | |
|---|---|---|---|
| | | Кіші топ | Ерте жас тобы |
| Қараша айы | Дене шынықтыру | **Негізгі қимылдар:**<br>**Жүру**.Әртүрлі бағытта және берілген бағытта бір бірінің қолдарынан ұстасып жүру, қарқынды өзгерте отырып жүру, бағытты өзгерте отырып жүру, жүруден жүгіруге ауысу, бағдар бойынша жүру (кілемнің бойымен, жіпке дейін), кедергілерден аттап жүру. Ұзындығы 2,5-2 м, ені 25 см (2 жаста), 20 см (3 жаста) тақтай бойымен жүру, жіптен немесе таяқтан аттап өту;<br>**Жүгіру.** Бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен шеңбер бойынша, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20м дейін), шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен, бағытты өзгертіп, 30-40 сек бойына үзіліссіз жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу;<br>**Секіру.** Бір орында тұрып екі аяқтап секіру, алға қарай ұмтыла екі аяқтап секіртпемен, лентамен еденде 10-20 см қашықта (2 арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру; 10-15 см биіктен секіру;<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>Қолдың білектерін,иық белдеуінің бұлшық еттерін нығайтуға арналған жаттығулар. | **Негізгі қимылдар:**<br>Жүру және тепе-теңдік сақтау жаттығулары.<br>**Еңбектеу, өрмелеу** :Орындықтың, үстелдің, арқанның (биіктігі 50 см), доғаның астынан төрттағандап еңбектеп өту,<br>**Лақтыру, домалату.** Допты бір қолмен және қос қолмен ұстау; түрлі көлемдегі доптар мен шарларды жинау, оларды өздігінен себетке (жәшікке) салу, шарларды домалату,<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар**.<br>Баланың дербестікке ұмтылысын қолдау, әрбір баланы күн тәртібіне біртіндеп үйрету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру, қолды алға созу, қолды арқаға қою, бүгу және қайта жазу, қолдың білектерін сермеу, айналдыру |
| | Сөйлеуді дамыту | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** дыбыстарды, сөздерді және сөз тіркестерін дауыстың биіктігін, екпінін, күшін есепке алып, дыбыстарды дәл айтуды.<br>**Сөздік қорын қалыптастыру:** Балаларды заттардың қасиеттерінің және олармен әрекеттердің атауын айтуды, тілдік қарым-қатынасқа үйрету.<br>**Тілдің граматикалық құрылымы:**<br>Сөйлеу тіліне, зат есімдерді, сын | **Сөзді түсіну:** Суреттерден ересектің айтқан сөзіне сәйкес келетін ойыншықтарды, заттарды, киімдерді, ыдыс-аяқтарды табу және көрсету.<br>**Белсенді сөйлеуді дамыту.**<br>Дыбыстық тіркестер мен сөздерге еліктей отырып дыбыстау.<br>**Түсінетін сөздер қорын кеңейту**.<br>Заттардың түсін, көлемін , дене мүшелерін білдіретін сөздерді түсіну. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | есімдерді қолданып, заттарды (киімдер, ыдыстар) сипаттауға үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Ересектердің сөзін түсінуге, қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. | |
| | **Көркем әдебиет** | **Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу:**<br>Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. | **Көркем әдебиетті қабылдауға қызығушылықты ояту.**<br>Көрнекіліксіз таныс мазмұны түсінікті қарапайым өлеңдерді , бесік жырларын тыңдату. |
| | **Сенсорика** | **Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру:**<br>Қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, "көз-қол" сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.<br>-көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды; | **Балалардың сенсорлық тәжірибесін байытуды жалғастыру:**<br>1.Заттарды өлшемі және пішініне қарай сәйкес ұяларға орналастыруға арналған тапсырмаларды орындау.<br>2.Заттардың көлеміне, түсіне қарай бағдар жасай отырып әртүрлі әрекеттер (ашу, жабу, байлау, өткізу) жасау. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Қоршаған ортаның заттары мен табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын ояту.**<br>1Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танау,құйрығы,аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету. Көкөністер мен жемістер туралы (қызанақ, қияр, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру;<br>2. Ауладағы ересектердің еңбегін, аулаға ұшып келетін құстарды, маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау. | **Баланың өзіне деген қызығушылығын қалыптастыру.**<br>Фотосуреттерден өзін, достарын тану. Өзіне жақын ересектер мен достарына деген жағымды қарым-қатынас қалыптастыру. |
| | **Құрастыру** | - Құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыру.<br>-жеке жиһаз заттарын түрлі нұсқада құрастыру, бірден екі-үш құрылысты тұрғызу (үстел және орындық, үстел және диван), құрылыстың қасиетін ескере отырып материалды таңдау; | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Қараша айы | Сурет салу | **Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту:**<br>1.Түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді және тұйықталған дөңгелек сызықтарды жүргізуді, осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету (жаңбыр, қар, жол, түтін), парақ бетінде бейнені орналастыру;<br>2. Балалардың ашық түсті бояуларға деген эмоционалды - эстетикалық қатынасын тәрбиелеу. | |
| | Мүсіндеу | **Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру;**<br>1.Сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру;<br>2. Техникалық дағдыларды қалыптастыру: заттардың қарапайым және одан да күрделі пішіндерін мүсіндеу. | **Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру;**<br>Балаларға ермексазды, сазбалшықты алақан арасына ала білуді, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, қолданылған материалдарға ұқыпты қарым-қатынас жасай білуге үйрету. |
| | Жапсыру | **Жапсыруға қызығушылықты ояту:**<br>1. Фланелеграфпен жұмыс: қарапайым композиция құру және орналастыру;<br>2. Фланелеграфтің кенебін қолдану арқылы геометриялық пішіндерді, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық бас киімдерін, тағы басқа орналастыру. | |
| | Музыка | Музыка жетекшісінің жоспарымен | Музыка жетекшісінің жоспарымен |

| Айы | Ұйымдастырылған іс - әрекет | Ұйымдастырылған іс - әрекеттің міндеттері | |
|---|---|---|---|
| | | **Кіші топ** | **Ерте жас тобы** |
| Желтоқсан айы | **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар:**<br>**Жүру**. Белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру.<br>**Жүгіру.** Бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу.<br>**Еңбектеу, өрмелеу:** Арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 50 х 50 сантиметр модульге өрмелеу<br>**Секіру.** Лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.** Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бүгу және ашу. | **Негізгі қимылдар:**<br>Еденде жатқан жолдың бойымен тура бағытта топпен жүру.<br>**Еңбектеу, өрмелеу** :Бөренеден аттап өту, құрсаудан төрттағандап еңбектеп өту,<br>**Лақтыру, домалату.** Допты қос қолмен ұстап алға лақтыру, төменге ,алға қарай лақтыру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:** қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру, қолды алға созу, қолды арқаға қою, бүгу және қайта жазу, қолдың білектерін сермеу, айналдыру<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар.**<br>Тамақтану алдында және лас болған жағдайда қолын жууға ,тамақтан соң ересектерге іилтипат білдіруге үйрету.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.** Сауықтыру-шынықтыру шараларын табиғи факторларды (ауа, күн, су) пайдаланып, жүргізу. Топ бөлмелерінде тұрақты ауа температурасын (+21-22°C) сақтау, балаларға жеңіл киімдер кигізу. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.<br><br>**Сөздік қорын қалыптастыру:** Еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашужабу, кию-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін етістіктермен;<br><br>**Тілдің граматикалық құрылымы:**<br>Сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс | **Сөзді түсіну:** Күнделікті өміріне байланысты қарапайым сөз тіркестерін түсіну, өтініштерді орындау, ойыншықтармен күрделі емес бейнелі ойындар ойнау, тұрмыстық жағдаяттарды суреттейтін 1-3 әрекетті көрсету<br>**Белсенді сөйлеуді дамыту.**<br>Ересектердің сөздерін тыңдауға, «Бұл кім?», «Бұл не?», «Не істеді?» деген қарапайым сұрақтарға жауап беруге, ыммен, қимылдар арқылы көрсетуден біртіндеп сөзбен айтуға көшуге, екі сөзден тұратын сөйлемдерді айтуға баулу.<br>**Түсінетін сөздер қорын кеңейту.**<br>Мерзімдік (қазір), сандық (біреу, көп) қатынастырады, қалауларын білдіруге қажетті сөздерді (тамақ ішу, ұйықтау, су ішу), дене мүшелерін білдіретін сөздерді түсіну |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.<br>**Байланыстырып сөйлеу:** Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». | |
| | **Көркем әдебиет** | **Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу:**<br>Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. | **Көркем әдебиетті қабылдауға қызығушылықты ояту.**<br>Таныс шығармалар мазмұнына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, драмалық ойындарға, қойылымдарға қатысуға баулу, ондағы игерген тәжірибелерін еркін ойындарда қолдануға мүмкіндік беру. |
| | **Сенсорика** | **Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру:**<br>Түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, негұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. | **Балалардың сенсорлық тәжірибесін байытуды жалғастыру:**<br>Күрделі заттармен әрекеттерді орындау – сақиналары бар таяқшамен, торлы дорбамен, күрекшемен сәйкес келетін ойыншықтар мен шарларды жылжыту, алу және орындарын ауыстыра білу, қазықшаларды ылғал құмға балғамен қағып, кіргізе білу. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Баланың өзіне деген қызығушылығын қалыптастыру.**<br>Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету, оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау, оны ересектердің басқа балалар сияқты жақсы көретініне сенім қалыптастыру. | **Баланың өзіне деген қызығушылығын қалыптастыру.**<br>Ата-анасы мен өзіне жақын отбасы мүшелерін (анасы, әкесі, ағасы, апасы, әжесі, атасы) тану, қоршаған кеңістікті (бөлме – пәтер, үй – кіреберіс, аулабалалар алаңы) бағдарлау, күнделікті тұрмыста жиі қолданылатын заттарды тану. |
| | **Құрастыру** | Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Желтоқсан айы | Сурет салу | **Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту:**<br>Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру. | |
| | Мүсіндеу | **Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру;**<br>1.Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін үйрету.(Кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біріктіру, илеу) | **Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру;**<br>Балаларға , жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, қолданылған материалдарға ұқыпты қарым-қатынас жасай білуге үйрету. |
| | Жапсыру | **Жапсыруға қызығушылықты ояту:**<br>Балаларды бейнелердіі фланеграфта (сызықтарда, шаршыда) қағаз бетіне қойып құрастыруға, ересектермен бірге түсті таңдауға үйрету. | |
| | Музыка | Музыка жетекшісінің жоспарымен | Музыка жетекшісінің жоспарымен |

**«Қарауылкелді» бөбекжай балабақшасының «Кіші» тобының 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Қаңтар 2023жыл**

| Айы | Ұйымдастырылған іс әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Қаңтар** | Дене шынықтыру | **Жалпы дамытушы жаттығулар.** **Негізгі қимылдар:** **Жүру**. Шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып жүру **Еңбектеу, өрмелеу**. Әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. **Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.** Құрсаудан құрсауға аттап өту, орнында баяу айналу. **Жүгіру.** Бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. **Домалату.** Әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру; **Секіру.**Лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету. **Қимылды ойындар.** Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету ( аю сияқты қорбаңдап жүру). **Спорттық жаттығулар.** Мұзды жолдармен сырғанау: балаларды қолынан жетелеп сырғанату. **Дербес қимыл белсенділігі**. бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу. **Мәдени-гигиеналық дағдыларды және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру.**Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), 19<br><br>киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, **Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру. |
| | Сөйлеуді дамыту | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**.Артикуляциялық гимнастика жасау. **Сөздік қорды қалыптастыру.** Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу. **Тілдің грамматикалық құрылымы**. сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. **Байланыстырып сөйлеу.**Қарапайым сюжеттік суреттердің |

| | | |
|---|---|---|
| | | мазмұнын айтып беру. |
| | **Көркем әдебиет** | Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. |
| | **Сенсорика** | Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Заттық әлем.**Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету, баланың бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдану.<br>**Еңбекке баулу**. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектерге көмектесу ниетін қолдау.<br>**Адамгершілік тәрбиесі.**Ата-аналарын сыйлауға баулу.<br>**Табиғат әлемі.** Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға), маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау. |
| | **Сурет салу** | Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу |
| | **Мүсіндеу** | Кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту. |
| | **Жапсыру** | Фланелеграфта геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру. |
| | **Құрастыру** | Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары**
**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы:** «Қарауылкелді» бөбекжай-балабақшасы»
**Тобы:** Кіші топ
**Балалардың жасы:** 2 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:** ақпан 2023жыл

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Ақпан** | **Дене шынықтыру** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>**Негізгі қимылдар:** Бір-бірінің қолдарынан ұстап, шағын топпен және бүкіл топпен белгі бойынша тоқтап жүру.<br>**Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.** Тақтайдың үстімен 20 сантиметр арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан) аттап жүру.<br>**Жүгіру.** Әртүрлі қарқынмен 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру.<br>**Домалату.** Доптарды бір-біріне домалату.<br>**Секіру**. Еденде жатқан секіргіштен (лентадан) аттап секіруге үйрету.<br>**Қимылды ойындар.** Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету. (қоян сияқты секіру).<br>**Спорттық жаттығулар.** Ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үйрету.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.** Қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге баулу.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру.**Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларыниқалыптастыру: үстел басында дұрыс отыру.<br>**Сауықтыру- шынықтыру шаралары.** Серуенде қимылды ойындарға қатысуға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Сөйлеу қарқынын,дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту.<br>**Сөздік қорды қалыптастыру.** Үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын,адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу) , үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Тілдің грамматикалық құрылымы**. Зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, айтылуын сәйкестендіру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.** Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не?) , «Не істеді?». |
| | **Көркем әдебиет** | Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді қайталауға ынталандыру.<br>Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. |
| | **Сенсорика** | Түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Заттық әлем.** Заттық-бағдарлық нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны игеру, қуыршақты жатқызу) орындауға баулу.<br>**Еңбекке баулу.** Ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару.<br>**Адамгершілік тәрбиесі.** Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (қамқорлық таныту).<br>**Табиғат әлемі.** Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: қарғ жаңбыр, жел. |
| | **Сурет салу** | Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпай сурет салуды үйрету. |
| | **Мүсіндеу** | Ермексазбен қуыршаққа арналған әшекей (білезік, жүзік) мүсіндеу. |
| | **Жапсыру** | Балаларды бейнелерді кесінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден) құрастырып, жапсыруға үйрету. |
| | **Құрастыру** | Кеңістік қатынастарды түсіне отырып, өз бетінше құрастырып ойнау. |

**«Қарауылкелді» бөбекжай балабақшасының «Кіші» тобының 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Наурыз 2023жыл**

| Айы | Ұйымдастырылған іс әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Наурыз | Дене шынықтыру | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>**Негізгі қимылдар:**<br>**Жүру**. Шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып жүру<br>**Еңбектеу, өрмелеу**. Әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу.<br>**Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.** Құрсаудан құрсауға аттап өту, орнында баяу айналу.<br>**Жүгіру.** Бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу.<br>**Домалату.** Әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру;<br>**Секіру.**Лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету.<br>**Қимылды ойындар.** Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету ( аю сияқты қорбаңдап жүру).<br>**Спорттық жаттығулар.** Мұзды жолдармен сырғанау: балаларды қолынан жетелеп сырғанату.<br>**Дербес қимыл белсенділігі**. бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру.**Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), 19<br><br>киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру,<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру. |
| | Сөйлеуді дамыту | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**.Артикуляциялық гимнастика жасау.<br>**Сөздік қорды қалыптастыру.** Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**. сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**Қарапайым сюжеттік суреттердің |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Байланыстырып сөйлеу.** Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. |
| | **Көркем әдебиет** | Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. |
| | **Сенсорика** | Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Заттық әлем.** Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету, баланың бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдану.<br>**Еңбекке баулу**. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектерге көмектесу ниетін қолдау.<br>**Адамгершілік тәрбиесі.** Ата-аналарын сыйлауға баулу.<br>**Табиғат әлемі.** Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға), маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау. |
| | **Сурет салу** | Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу |
| | **Мүсіндеу** | Кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту. |
| | **Жапсыру** | Фланелеграфта геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру. |
| | **Құрастыру** | Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау. |

**«Қарауылкелді» бөбекжай балабақшасының «Кіші» тобының 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Сәуір 2023жыл**

| Айы | Ұйымдастырылған іс әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Сәуір** | **Дене шынықтыру** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>**Негізгі қимылдар:**<br>.Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.<br>Орнында жүру Бастапқы қалыпа тұрып,сол,(оң )аяқтың тізесін (затпен ұстап бүгу). Таяныштан ұстап отыру,аяқтың ұшымен тұрып,тартылу.Аяқтың өкшесін алға қою.Аяқтың басын қимылдату, отырған күйде.<br>**Қимылды ойындар.** Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету ( аю сияқты қорбаңдап жүру).<br>**Спорттық жаттығулар.** Мұзды жолдармен сырғанау: балаларды қолынан жетелеп сырғанату.<br>**Дербес қимыл белсенділігі**. бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру.**Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек).Өз киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**.Артикуляциялық гимнастика жасау.<br>Кітаптардағы суреттерді қарау,ондағы таныс заттарды атау,педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып,сұрақ қою: Бұл кім,не? Не істеді?Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**. сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. |
| | **Көркем әдебиет** | Халық ауыз әдебиеті шығармашылығына баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Сенсорика** | Әр түрлі көлемдегі заттарға( үлкен үй-кішкентай үй,үлкен матрешка-кішкентай матрешка,үлкен доп-кішкентай доа және т.б )және оларды сөйлеуде атауға назар аудару біліктерін қалыптастыру.. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту.Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: қар,жаңбыр,жел.<br>**Еңбекке баулу**. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектерге көмектесу ниетін қолдау.<br>**Адамгершілік тәрбиесі.**Ата-аналарын сыйлауға баулу.<br>**Табиғат әлемі.** Аулаға ұшып келетін құстарды ( көгершін, қарға), Үй құстарын (тауық,қаз,үйрек)маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау.<br>Өлі табиғат( жылы,суық,домалақ,қатты тас,суық қар) және олармен әрекет ету түрлері туралы түсініктерді қалыптастыру,олармен ойнау |
| | **Сурет салу** | Балаларды ересектермен бірге әрекет етуге( ересектердің салған суреттерін толықтыру) қызығушылықтарын тудыру |
| | **Мүсіндеу** | Кесені, тостағанды мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту. |
| | **Жапсыру** | Фланелеграфта геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру. |
| | **Құрастыру** | Қарапайым пазлдарды жинай алу қабілеттерін қалыптастыру. |
| | **Музыка** | Әнді уақытында бастау,аяқтау,озып кетпеу,кідірісті сақтауға үйрету. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары**
**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы:** «Қарауылкелді» бөбекжай-балабақшасы»
**Тобы:** Кіші топ
**Балалардың жасы:** 2 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:** мамыр 2023жыл

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Мамыр | Дене шынықтыру | Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу. |
| | Сөйлеуді дамыту | кітаптағы суреттерді қарау, олардың мазмұны бойынша сұрақ-жауаптар құрастыру, көлемі бойынша шағын өлеңдер мен тақпақтар жаттауды бекіту. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. |
| | Көркем әдебиет | Балаларды педагогтің сөзін түсінуге, сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдерді етістіктермен, сын есімдермен бірге қолдануға, зат есімнің көпше түрін пайдалануға, сөздерді дұрыс айтуды ескере отырып, сөз тіркестерін (сын есім+зат есім, зат есім+етістік) құрауға үйрету. |
| | Сенсорика | көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастыра алады. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | «Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен, серуенде және сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шашпау, тастарды лақтырмау) таныстыру, өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау. Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру. |
| | Сурет салу | Түрлі-түсті қарындаштармен,фломастердің, Гуашьтің төрт түсімен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. |
| | Мүсіндеу | Мүсіндеуге арналған түрлі материалдармен жұмыс жасауға дағдыландыру. |
| | Жапсыру | Фланеграфтың кенебін қолдану арқылы қарапайым композицияларды құрастыруға машықтандыру. Қағазға «қошқармүйіз», «көз» оюларын орналастыруды үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Құрастыру** | Құрылыс материалдарының (текшелер, кірпіштер) негізгі пішінін ажыратып,құрастыру. |
| | **Музыка** | Әндегі қайталанатын тірсестерді ересектердің дауыс интонациясына салып, айту дағдыларын қалыптастыру. |